

**Арнайы білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлерінің тізбесін, арнайы білім алуға мұқтаж адамдарға арналған білім беру ұйымдарындағы қажетті орын санын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 787 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2619. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 04 шілдедегі № 258 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 04.07.2013 № 258 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған арнайы білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлерінің тізбесі, арнайы білім алуға мұқтаж адамдарға арналған білім беру ұйымдарындағы қажетті орын саны бекітілсін.

2. Жалпы орта білім департаменті (С.Ырсалиев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары (департаменттері) осы бұйрықты барлық аудандық, қалалық білім бөлімдері мен білім беру ұйымдарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Қ.Н.Шәмшидиноваға жүктелсін.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігінің

2003 жылғы 29 қарашадағы

N 787 бұйрығымен бекітілген

"Арнайы білім беру ұйымдарының үлгілері

мен түрлерінің тізбесін, арнайы білім

алуға мұқтаж адамдарға арналған білім

беру ұйымдарындағы қажетті орын санын бекіту туралы"

**Арнайы білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлерінің тізбесі, арнайы білім алуға мұқтаж адамдарға арналған білім беру ұйымдарындағы қажетті орын саны 1. Арнайы білім беру ұйымдарының үлгілері**

1. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында, арнайы білім алуды қажет ететін адамдар үшін мынадай арнайы түзету ұйымдары белгіленеді:

1) мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу түзету ұйымдары (орнын т о л т ы р у ) ;

2) түзету білім беру ұйымдары;

3) кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім берудің түзету ұйымдары;

4) арнайы білім беру ұйымдары.

5) жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кемтар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары.

**2. Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері, арнайы білім алуға мұқтаж адамдарға арналған білім беру ұйымдарындағы қажетті орын саны**

2. Орын саны арнайы білім алуды қажет ететін адамдардың психофизикалық дамуының кемістігі мен жастарына (3 жастан және 3 жастан жоғары) сәйкес, мектепке дейінгі арнайы түзету ұйымдарының түрлері:

1) балалар яслиінде;

2) мүмкіншіліктері шектелген балаларға арналған балабақша:

өте ауыр тіл кемістігі бар балалар үшін:

3 жасқа дейінгілер - 10 баладан;

3 жастан жоғарылар - 12 баладан;

естімейтін (саңырау) балалар үшін:

жасына қарай екі топта - 8 баладан;

нашар еститін балалар үшін:

3 жасқа дейінгілер - 10 баладан;

3 жастан жоғарылар - 12 баладан;

көрмейтін (зағип) балалар үшін:

жасына қарай екі топта - 10 баладан;

нашар көретін балалар үшін, амблиопиялы, қыли көзді балалар үшін:

3 жасқа дейінгілер - 10 баладан;

3 жастан жоғарылар - 15 баладан;

тірек-қимылдық аппараты бұзылған балалар үшін:

3 жасқа дейінгілер - 10 баладан;

3 жастан жоғарылар - 12 баладан;

интеллекті бұзылған (ақыл-есі кем):

3 жасқа дейінгілер - 6 баладан;

3 жастан жоғарылар - 10 баладан;

психикалық дамуы баяулаған:

3 жасқа дейінгілер - 6 баладан;

3 жастан жоғарылар - 10 баладан кем емес;

күрделі кемістіктермен:

жастарына қарай екі топта - 8 баладан аспауы керек;

3) жалпы дамыту мен түзету функцияларын біріктірген, біріктірілген балабақша (балалар яслиінде);

4) дені сау балалар мен кемтар балалар және дамуы дұрыс балаларды біріктіріп тәрбиелеу мен оқытуға арналған жалпы дамытатын жалпы типтес балабақша (балалар яслиі).

**Ескерту. 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2006 N 202 бұйрығымен.**

3. Кемтар балаларға арналған сынып (топ) сыйымдылығымен арнайы түзету білім беру ұйымдарының түрлері:

1) көру қабілеттері бұзылған балаларға арналған арнайы (түзету) ұйым:

з ағ и п - 8 а да м н а н ;

нашар көретіндер мен кейін зағип болғандар - 12 баладан аспауы керек;

2) есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы (түзету) ұйым:

е с т і м е й т і н д е р ү ш і н - 8 б а л а д а н ;

екі бөлімнен тұратын нашар еститіндер мен кейін саңырау болған балалар ү ш і н ;

I б ө л і м ш е - 1 0 б а л а д а н ;

II б ө л і м ш е - 8 б а л а д а н а с п а у ы к е р е к ;

3) екі бөлімнен тұратын өте ауыр тіл кемістігі бар балаларға арналған арнайы ұ й ы м :

I б ө л і м ш е - 1 2 б а л а д а н ;

II б ө л і м ш е - 1 0 б а л а д а н а с п а у ы к е р е к ;

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған арнайы (түзету) ұйым - 10 баладан кем е м е с ;

5) психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы (түзету) ұйым - 12

б а л а д а н ;

б) ақыл-есі кем (ой-өрісі дамуы бұзылған) балаларға арналған арнайы (түзету) ұйымы - 12 баладан ;

7) эмоциялық-ерік-жігері бұзылғандарға арналған арнайы (түзету) ұйымы - 10 баладан ;

8) кемістік құрылымы күрделі балаларға арналған арнайы (түзету) ұйымы - 6 баладан аспауы керек ;

9) жалпы білім беретін сыныптармен қатар әртүрлі санаттағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған сыныптар ашылған жалпы білім беретін мектептер мен мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған (арнайы сыныптар) арнайы (түзеу) мектептердің қызметін қоса атқаратын біріктірілген білім беру ұйымдары;

арнайы сыныптардың сыйымдылығы әртүрлі санаттағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы (түзеу) білім беру ұйымдары сыныптарының толықтырылуына сәйкес белгіленеді;

10) дені сау балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытуға арналған инклюзивтік білім беру ұйымдары;

инклюзивтік сыныптағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны 3 адамнан артық болмайды .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2006 N 202 бұйрығымен.**

4. Бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім берудің арнайы топ сыйымдылығы 8 баладан аспайтын түзету ұйымдарының түрлері:

1) кәсіптік бастауыш мектеп;

2) мүмкіншіліктері шектелген балаларға арналған кәсіптік бастауыш (арнайы) мектеп.

5. Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері:

1) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (60 мың бала халқына бір консультация);

2) оңалту орталығы (республикалық және облыс деңгейіндегі қалаларда) мұғалім-дефектологтың (олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагогтың), дене шынықтыру педагогінің, мұғалім психологтың ставкасына балаларға арналған топтардың мынадай толықтыруларымен:

естімейтін (саңырау) және нашар еститіндердің саны - 10 адамнан;

көрмейтін (зағип) және нашар көретіндердің саны - 10 адамнан;

өте ауыр тіл кемістігі бар балалардың саны - 12 адамнан;

тірек-қимыл аппараты бұзылған:

кемістік деңгейі күрделі балалардың саны - 6 адамнан;

орташа және жеңіл кемістігі бар балалардың саны - 10 адамнан;

ой-өрісі дамуы бұзылған:

психикалық дамуы тежелген балалардың саны - 10 адамнан;  
жеңіл және біртоға ақыл-есі кемістігі бар балалардың саны - 10 баладан;  
ауыр және күрделі ақыл-есі кемістігі бар балалардың саны - 8 баладан;  
күрделі кемістігі бар балалардың саны - 6 баладан аспауы керек;  
3) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (аудан орталықтарында)

;

4) әртүрлі ауызша және жазбаша тіл кемістігі бар 25 балаға арналған мектепке дейінгі ұйымдар немесе жалпы білім беретін мектептердің жанындағы  
л о г о п е д т і к п у н к т .

**Ескерту. 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2006 N 202 бұйрығымен.**

6. Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кемтар балалар үшін арнайы білім беру ұйымдарының түрлері:  
кемтар балаларға арналған балалар үйі (әр түрлі категориядағы балалар үшін)

;

жалпы типтік балалар үйі мен кемтар балаларға арналған балалар үйінің функцияларын біріктірген, бірлескен балалар үйі.